

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 455 қаулысымен бекітілген Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесіне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасы 2000 жылғы 13 қазан N 388 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 желтоқсан N 1335 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық банкі Басқарамасының 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 509 қаулысымен.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 455 қаулысымен бекітілген Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген өзгеріс бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 455 қаулысымен бекітілген Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесіне өзгерісті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апталық мерзімде осы қаулыны және Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 455 қаулысымен бекітілген Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесіне өзгерісті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

*Ұлттық Банк Төрағасы*

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігімен  
Келісілген  
23 қараша 2000 жыл

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі басқармасының  
2000 жылғы 13 қазандағы  
N 388 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 455 қаулысымен бекітілген Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесіне өзгеріс - 6-тармақтың екінші бөлігіндегі "тоқсан сайын" деген сөз "жыл сайын" деген сөзбен ауыстырылсын.

*Ұлттық Банктің Төрағасы*